



• РЕСМИ

Көкөніс бағасы арзандады

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қарағанды қаласында әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағасы бір апта ішінде 0,7 пайызға төмендеді. Бұл – еліміздің облыс орталықтары мен ірі қалалары арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Ал, республикада тауарлар бағасының орташа төмендеуі 0,1 пайызды құрады.

Кеншілер қаласында, әсіресе, маусымдық өнімдер едәуір арзандаған. Бір апта ішінде алма бағасы – 10, картоп – 8, кияр – 7,5, сәбіз – 7,3, қырыққабат – 7, пияз 3,3 пайызға төмендеді. Қызанақ бағасы 0,3 пайызға кемісе, қой еті, бірінші сұрыпты бидай наны, қаймақ, сары май мен тұз бағасында өзгеріс тіркелмеген.

Жалпы, еліміз бойынша да көкөніс өнімдерінің бағасы біршама түскен. Мәселен, пияз – 4,9, картоп – 4,1, алма – 2,7, қырыққабат – 2,2, сәбіз – 1,9 пайызға арзандады. Көкөніс пен жеміс-жидек бағасының арзандауы өнімнің молдығымен байланысты.

Дегенмен, бір апталық төмендеу барлық азықтүлік бағасы республикалық орташа деңгейден арзан дегенді білдірмейді. Қалада картоптың бір келісі орта есеппен 263 теңге болса, ел бойынша бұл көрсеткіш – 248 теңге. Алма Қарағандыда 817 теңгеден сатылса, республикалық орташа баға – 776 теңге. Қызанақтың бағасы да тиісінше 675 және 530 теңгені құрайды. Есесіне, киярдың Қарағандыдағы орташа бағасы елдік көрсеткіштен төмен: 457 теңге және 480 теңге.

Апталық көрсеткіш тұрғындар үшін жағымды болғанымен, баға қозғалысын ұзақ мерзімдегі ахуалмен бірге бағалаған жөн. Жыл басынан бері Қарағанды қаласындағы әлеуметтік маңызы бар азықтүлік бағасы 0,6 пайызға өскен, ал, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,5 пайызға төмендеген. Бағаның бұдан кейінгі бағыты маусымдық өнім көлеміне, жеткізу шығындары мен сауда үстемесіне байланысты болмақ.

Өз тілшімізден

Ауыл жолы: уәде мен нәтиже

Ауыл үшін жол жай ғана асфальт емес. Аудан орталығына жетудің, баланың мектепке баруының, жедел жәрдемнің уақытында келуінің, шаруаның өнімін нарыққа жеткізудің жолы. Сондықтан, ауылға асфальт төселсе, өзгеріс тек жол бетінде емес, тұрғындардың күнделікті тіршілігінде сезілуі керек.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мамандарының дерегінше, биыл облыста ауылшілік жолдарды жөндеуге басымдық беріліп отыр. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында Дубовка, Шабанбай би және Қайнар ауылдарындағы жолдар жөнделуде. Жұмыстар әлі толық аяқталған жоқ. Бірақ, мәселенің өзі маңызды, ауылға келген асфальт оның тұрғындарының өмірін қаншалықты жеңілдетеді?

Биыл облыста тек ауыл ішіндегі көшелермен қатар, елдімекендерді аудан орталықтарымен және өзге ауылдармен байланыстыратын жолдар да жаңартылуда. Жалпы, республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының шамамен 500 шақырымы әртүрлі деңгейде жөндеу көрген. Облыстық маңызы бар автомобиль жол-

дарының 78 шақырымы орташа жөндеуден, 3 шақырымы күрделі жөндеуден, 2 шақырымы қайта жаңғыртудан өтуде. Мәселен, ұзындығы 19 шақырым болатын «Саран-Шахтинск» жолының 16 шақырымында асфальт-бетон жабынының үш қабаты төселіп үлгерген. Қалған 3 шақырымды биыл аяқтау жоспарланған. Ал, «Шахан-Жаңаталап» жолының 5 шақырымдық бөлігінде қайта жаңғырту жүргізілуде. Оның 2 шақырымында жол негізі ауыстырылып, асфальт-бетон жабынының үш қабаты төселген.

Жол жөндеу – ұзындықпен өлшенетін көрсеткіш. Ал, ауыл тұрғыны үшін басты өлшем, сол жолмен жүргенде бұрынғы қиындықтың азаюы. Жолдың жағдайы жақсарса, шаруаның өнімін аудан орталығына жеткізуі жеңілдейді, тұрғынның қалаға қатынауы оңайлайды, тасымал шығыны азаюы мүмкін. Бұл шағын бизнес пен ауыл шаруашылығына да әсер етеді. Мұны Бұқар жырау ауданындағы Суықсу ауылының мысалынан анық көруге болады. Шалғай елдімекенге дейін асфальт жолдың төселуі жергілікті тұрғындар үшін қатынасты жеңілдетіп, шаруашылықтарды дамытуға жаңа мүмкіндік беріп отыр.

Суықсу – тіршілігін жермен байланыстырған еңбеккөр жұрт мекендеген ауыл. Мұнда мал шаруашылығы дамып, ет, сүт өнімдері мен қымыз өндіріледі. Ұзақ жылдар бойы Қарағанды қаласына өнім жеткізудегі басты кедергілердің бірі жолдың сапасы болды. Топырақ жолмен қатынау тұрғындарға оңайға соқпады: көліктер жиі бұзылып, жолға кететін уақыт ұзарды, техниканы жөндеуге жұмсалатын шығын көбейді. Ауыл тұрғындары бұл мәселені облыс әкімінің жеке қабылдауында көтерген. Өтініштен кейін аталған жолды орташа жөндеу бағдарламасына енгізу туралы шешім қабылданды.

Жолдың жаңаруы, әсіресе, шаруалар



Өңірлерді дамыту

үшін маңызды болды. Суықсу ауылындағы шаруа қожалығының иесі Хамит Қамбарұлы жаңа жолдың салынуы шаруашылықты кеңейтуге деген сенімді арттырғанын айтады.

– Ауылымызда бұрын-соңды асфальт жол болған емес. Қалаға қатынау қиын еді, көліктер жиі бұзылатын. Жол жөнделетінін естіген соң мемлекеттік бағдарлама арқылы жаңа трактор сатып алдым. Енді шаруашылығымды кеңейтуді жоспарлап отырмын. Бұрын жолдың нашарлығынан техникаға қаржы салуға жүрексінетінбіз, өйткені оның пайдасынан шығыны көп еді, – дейді ол.

2026 жылы облыстық маңызы бар «Қарағанды-Калинино-Ақбастау-Суықсу» автомобиль жолы орташа жөндеуден өтетін нысандар тізіміне енгізілді. Жоба аясында жалпы ұзындығы 9 шақырым болатын екі учаске жаңартылады. Оның 4 шақырымы республикалық автожолдан Ақбастау кентіне дейінгі аралықты, тағы 5 шақырымы Ақбастаудан Суықсу бағытына дейінгі бөлікті қамтиды. Нысанда жол төсеміндегі ақауларды жою, жаңа асфальт-бетон жабынын төсеу, жол жиектерін нығайту, су өткізу құбырларын жөндеу, жол белгілерін орнату және жол таңбаларын салу сияқты кешенді жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда Ақбастау мен Суықсу арасындағы бес шақырымдық учаскеге асфальт төсеу толық аяқталған.

Абай ауданында да жол инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары бірнеше елдімекенді қамтып отыр. Дубовка ауылында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында өткен жылдан бері жолдарға орташа жөндеу жүргізілуде. Қазіргі таңда ауылдағы 27 көшенің 10-ына жалпы ұзындығы шамамен 9 шақырым жаңа асфальт төселген. Қалған көшелерге қиыршық тас төселуде. Ауылдағы жол мәселесі тек асфальт төсеумен шектелмейді. Жаңбыр және еріген қар суын бұру үшін жалпы ұзындығы 1389 метр жабық нөсер көрізі салынуда. Республикалық трасса бойына ұзындығы 2,8 шақырым жаңа қоршау орнатылған.

► 2-бет

• БІЛІМ

«Талаптың мініп тұлпарын»

Биыл академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетіне мемлекеттік білім беру грантымен оқуға түсетін талапкерлер қатары молайды. 2026-2027 оқу жылында 1600-ден астам жас университеттің грант иегері атанды. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 10 пайызға жоғары.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тағы бір ерекшелік – талапкерлердің білім деңгейінің жоғары болуы. Биылғы грант иегерлері арасындағы ең жоғары нәтиже – 131 ұпай. Оқу орнының «ұлттық мәртебе» алуы талапкерлердің қызығушылығын арттырып отыр. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша шекті балдың көтерілуіне қарамастан, грант иегерлерінің саны өскен. Осы ретте университет жоғары білім алуға қабілетті, білімі мықты жастарды тартуды басты мақсаттарының бірі ретінде айқындап отыр.

Биыл білім беру бағыттарында 100 балдан жоғары нәтиже



көрсеткен талапкерлердің үлесі айтарлықтай жоғары болды. Мәселен, «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» бағыты бойынша олардың үлесі 89,4 пайызға, «Бизнес, басқару және құқық» бойынша 85,7 пайызға, ал, «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағытында 75 пайызға жеткен. Ең жоғары конкурсы «Химия», «Фармацевтикалық өндіріс технология-

сы» және «Шет тілі мұғалімдерін даярлау» мамандығында қалыптасты. Аталған білім беру бағдарламаларына тиісінше 169, 132 және 122 грант бөлінген. Әсіресе, химия бағыты ерекше назар аудартады. Бұл мамандыққа бөлінген 169 грант – биылғы қабылдаудағы ең жоғары көрсеткіш. Университет мамандары мұны оқу ордасында қалыптасқан ғылыми мектептің нәтижесімен

байланыстырады.

Академик Евней Бөкетов негізін қалаған химия мектебінің дәстүрі бүгінде жалғасып келеді. Педагогикалық бағыттағы көрсеткіштер де көңілге қонымды. Педагогикалық мамандықтарға қызығушылықтың артуына «Педагог мәртебесі туралы» заңның да ықпалы бар. Құжат педагогтердің құқықтарын қорғауды күшейтіп, олардың әлеуметтік және

кәсіби мәртебесін арттыруға бағытталған.

Қазақ тілі мен әдебиеті, шет тілі, химия, биология, математика, орыс тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерін даярлау бағдарламаларына қабылданған грант иегерлерінің 50,3 пайызы 100-ден жоғары ұпай жинаған. Болашақ мұғалімдердің жартысынан астамы жоғары нәтижемен оқуға түсті. Университетке қабылдау көрсеткіштері өңірдің экономикалық сұранысымен де тығыз байланысты. Биылғы мамандықтарына – 169, жер туралы ғылымдарға – 107, физикаға – 96, математика және статистикаға – 63, химиялық инженерия мен процестерге 52 грант бөлінген. Ақпараттық технологиялар мен коммуникациялар бағыты бойынша тағы 47 грант қарастырылған. Мамандықтардың басымдығы Қарағанды өңірінің өндірістік ерекшелігімен сабақтас. Металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі және энергетика салалары дамыған аймақта инженерлік-техникалық кадрларға сұраныс тұрақты. Сондықтан, жоғары оқу орнының маман даярлау бағыты да еңбек нарығының қажеттілігіне бейімделіп келеді.

Биыл «Серпін» бағдарламасы бойынша университетке 433 талапкер қабылданды. Олар – негізінен

халық тығыз орналасқан өңірлерден келіп, елдің индустриялық орталығында білім алуды таңдаған жастар. Университетте жыл сайын жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде бағдарлама қатысушыларының үштен бір бөлігі оқу орнын қайта таңдайды. Биыл «Серпін» бойынша ең көп грант «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» және «Шет тілі мұғалімдерін даярлау» бағытына бөлінген. Жалпы, биылғы грант иегерлері Қазақстанның барлық 20 өңірінен келген. Батыс өңірлерден талапкерлер саны айтарлықтай өскен. Қандастар квотасы бойынша 52 талапкер грант иеленсе, әскери борышын өтеп келген жастарға арналған жеке квота аясында 25 грант бөлінген.

Айта кету керек, бұл көрсеткіштер 2026-2027 оқу жылына қабылдаудың түпкілікті қорытындысы емес. Қазір ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлерді қабылдау жалғасып жатыр. Қосымша білім беру гранттары бойынша конкурстардың қорытындысы шығарылып, олардың иегерлерін оқуға қабылдау жұмыстары жүргізіледі.

Суретті жасаған
Гүлнара ШӨМЕНОВА

Дрондар дәуіріне дайындық

Теміртау жоғары политехникалық колледжінің базасында Ұшқышсыз ұшу аппараттарын басқаратын операторларды оқытып, даярлайтын «DRONE SCOOL» орталығы ашылды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонда сөйлеген сөзінде аталған оқу орнының директоры Салтанат Акбергенова:

— Бұл орталықтың ашылуы Қарағанды облысында ұшқышсыз технологиялар саласында өзіндік кадрлық әлеует қалыптастыруға, кәсіпорындарды білікті мамандармен қамтамасыз етуге және өңір экономикасында оларды қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді, — деді.

Сол үшін, әрине, орталықты заманауи материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету және дрондарды басқаратын операторларды теориялық және практикалық даярлау үшін қажетті жағдайлар жасау қажет.



ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖАСАНЫ ИНТЕЛЕКТ ЖЫЛЫ
2026

курстық оқытудан өтіп, оқуын аяқтаған мамандарға санаттарымен қоса куәлік есебінде сертификат тапсырылады. Санаттардың өзі қандай салмақтағы дрондарды меңгеріп, үйренгеніне қарай беріледі екен. Мәселен, бірінші санаттағы мамандар 25 грамнан 2 килограмға дейінгі дрондарды басқарса, екінші санаттағы операторлар 2–25 килограмм, ал, үшінші санат иелері 25-750 килограм ара-лығындағы дрондарды ұшырып, басқаруға жіберілетін көрінеді.

Жоғарыдағы оқыту орталығында алынған құзыреттері шегінде дрон операторлары бейбіт мақсаттағы экономиканың әртүрлі салаларында: ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, құрылыста, геодезия мен картографияда, ішкі істер органдарында, төтенше жағдайлар қызметінде және басқа да салаларда сұранысқа ие болады. Келешекте Теміртау жоғары политехникалық колледжіне ашылған бұл орталық заманауи технологияларды, практикалық даярлықты және өңір кәсіпорындарының нақты қажеттіліктерін біріктіретін жаңа білім беру кеңістігіне айналуы тиіс.

Осы орталықтың тұсаукесерінің соңында оған жиналған жұртшылық далаға шығып, дрондардың аспанға ұшырылуы мен басқарылуын бақылап, тамашалады. Бара-бара бұл аппараттар күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде де қолданылып, өмірімізге етене сіңісіп кетуі ғажап емес.

ТЕМІРТАУ

*Суреттер
ұйымдастырушылардан*

• ДЕНСАУЛЫҚ

Медицинаның жаңа белесі

Бұқар жырау ауданында денсаулық сақтау жүйесін белсенді дамыту мен заманауи цифрлық технологияларды енгізу ісі жалғасуда. Бұл жұмыстың маңызды бір бағыты ауылдық елді мекендердің тұрғындарына жаңа мүмкіндіктер ашып, мамандандырылған медициналық көмекті барынша қолжетімді жасайтын телемедицина болып отыр. Осы орайда биылғы 15 маусымнан бастап, Бұқар жырау аудандық ауруханасы телемедициналық кеңес беруді неғұрлым дамытуда.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның басты мақсаты — қай елді мекенде тұрғанына қарамастан, ауданның әрбір тұрғыны үшін білікті медициналық көмекті жақын қылу. Ауыл тұрғындары үшін бұл ерекше маңызды. Өйткені, аудан немесе облыс орталығына дейінгі арақашықтық, көлік шығындары мен уақыт жоғалту көп ретте медициналық көмекке жүгінуде қосымша қиындықтар туғызады.

Ал, телемедицина бұл мәселелердің елеулі бөлігін шешуге мүмкіндік береді: емделуші өз ауылының медициналық пунктінде немесе дәрігерлік амбулаториясында отырып-ақ білікті маманнан кеңес алады. Бүгінгі таңда MED 365 телемедициналық жабдығымен ауданның 27 медициналық мекемесі қаракандырылған. Сонын арқасында ауылдық елді мекендердің медициналық қызметкерлерін аудандық және облыстық деңгейдегі мамандармен біріктіретін бірыңғай цифрлық желі қалыптасуда. Телемедицина — бәрінен бұрын емделуші үшін қолайлылық пен қолжетімділік. Егер жалпы

тәжірибе дәрігеріне тар мамандық дәрігерінен кеңес алу қажет болса, емделушінің өз бетімен басқа елді мекенге баруы талап етілмейді. Белгіленген уақытта медициналық қызметкер маманмен дистанциялық байланыс орнатады. Кеңес беру кезінде дәрігер емделушінің медициналық мәліметтерімен және жүргізілген зерттеулердің нәтижесімен танысып, онымен сөйлесіп, қажетті ұсыныстар береді.

Заманауи MED 365 жабдығы тікелей сол жерде бірқатар диагностикалық процедураларды өткізуге мүмкіндік береді. Бұл кешенге цифрлы электрокардиограф, стетоскоп, отоскоп, пульсоксиметр, спирометр, тонометр, цифрлық таразы мен бейнебайланысқа арналған жабдық кіреді. Сөйтіп, осы заманғы медицинаның мүмкіндіктері шалғай елді мекендердің тұрғындары үшін де қолжетімді бола түседі. Бұдан Бұқар жырау ауданы цифрлық медицина бағытында сенімді түрде алға басып, сапалы және қолжетімді медициналық көмектің әр тұрғынға жақындай түскені көрінеді.

Бұқар жырау ауданы

*Сурет
ұйымдастырушылардан*

Құтқарушылар жасакталды

Облыс аумағындағы шалғай ауылдарда тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Әсіресе, өрт қаупі төнген жағдайда уақыт жоғалтпай әрекет ету — адам өмірі мен мал-мүлікті сақтап қалудың басты шартының бірі. Осы мақсатта аймақтың бірқатар елді мекенінде табиғи өртке қарсы жасақтардың жұмысы жолға қойылуда.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында Ақтоғай ауданының Нұркен және Шет ауданының Нұраталды ауылында «Ауыл құтқарушылары» атты табиғи өртке қарсы жаңа жасақтар жұмысын бастады.

Нұркендегі өртке қарсы бекеттің қызмет көрсету аумағына бес елді мекен кіреді. Олар — Нұркен, Жидебай, Ақсенгір, Жалантөс және Қаратал ауылы. Бұл аумақта барлығы 513 адам тұрады.

Жаңа бекеттің жұмысына қажетті жағдайдың бәрі қарастырылған. Бөлімше өрт сөндіру техникасымен, байланыс құралдарымен, өрт-техникалық жарақтармен және жауынгерлік киіммен жабдықталған. Бұл шалғай ауылда төтенше жағдайға жедел әрекет ету мүмкіндігін едәуір арттырады.

Осындай өртке қарсы бекет Шет ауданының Нұраталды ауылында да ашылды. Ол Қошқарбай ауылдық округіне қарасты төрт елді мекенге — Қошқарбай, Ақсу, Қызылқой және Шопа ауылдарына қызмет көрсетеді. Аталған аумақта бір жарым мыңнан астам тұрғын бар. Жаңа бөлімше де қажетті техника және құрал-жабдықтармен толық жасакталған.

Өртке қарсы бекеттердің ашылу рәсіміне облыстық төтенше жағдайлар департаментінің

бастығы Марғұлан Аманбаев, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері және ауыл тұрғындары қатысты.

Шалғай елді мекендер үшін мұндай бекеттердің орны бөлек. Себебі, төтенше жағдай кезінде уақытты тиімді пайдалану аса маңызды. Арнайы мамандардың оқиға орнына жетугін күтпей, жергілікті жерде жасакталған ерікті өрт сөндірушілер алғашқы шараларды шұғыл бастай алады. Нәтижесінде, өртке немесе өзге де төтенше жағдайға жедел ден қою мүмкіндігі артады.

Бұл бастама ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, елді мекендердегі төтенше жағдайларға дайындықты күшейтуге де ықпал етеді. Әсіресе, аудан орталығынан қашық орналасқан ауылдар үшін өртке қарсы бекеттің жақын маңда болуының маңызы зор.

«Ауыл құтқарушылары» жасақтарының құрылуы — осы ба-



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

ғыттағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Бүгінде еліміз бойынша осындай 244 жасақ құрылды. Олар халықтың қауіпсіздігін арттыруға, төтенше жағдайлардың алдын алуға және оқиға болған жағдайда жедел әрекет ету деңгейін күшейтуге өз үлесін қосып келеді.

Қауіптің қай жерде және қашан боларын алдын ала болжау қиын. Ал, әрдайым оған дайын болу аса маңызды. Сондықтан, ауылдық жерлердегі өртке қарсы жасақтардың көбеюі тұрғындардың қауіпсіздігіне жасалған нақты қадам деуге негіз бар.

Ауыл жолы: уәде мен нәтиже

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жол инфрақұрылымын жаңарту Абай қаласында да жалғасуда. Биыл мұнда Тәуелсіздіктің 10 жылдығы көшесі мен Әлия Молдағұлова көшесінің жалпы ұзындығы 2,2 шақырым болатын бөлігі қайта жаңғыртылуда. Жоба бойынша жаңа тротуарлы салынып, көшелердің маңы абаттандырылып, көгалдандырылады. Екі киылыс кеңейтіліп, олардың өткізу қабілетін арттыру және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі уақытта жұмыстың негізгі бөлігі жолдың жаңа негізін қалыптастыруға бағытталған. Екі шақырымға жуық учаскеде ескі топырақ 1,5 метрге дейінгі тереңдікте алынып, жол негізі тау жыныстарымен нығайтылған. Инженерлік коммуникацияларды қайта орналастыру және қорғау жұмыстары бүкіл учаскеде аяқталған. Жаю жүргіншілер бөлігі де қатар жасалуда. Жоспарланған 4 шақырым жиектас құрылысының 2,5 шақырымы орнатылып, брусчатка төсеу басталған.

Бұдан бөлек, биыл Абай қаласында орташа жөндеумен Жеміс даңғылы, Сәкен Сейфуллин көшесінің айналма жолға дейінгі бөлігі,



Еркемов көшесі және қалаға кіреберіс жол жөндеуде. Жолмен бірге айналма жол, аялдама қалталары және оған іргелес аумақтар да абаттандырылуда. Жалпы, биыл Абай қаласында орташа жөндеумен қамтылған қалалық жолдардың ұзындығы 10,7 шақырымды құрайды.

Жол инфрақұрылымын жаңарту Топар кентінде де жалғасуда.

Шерубай-Нұра су қоймасының бойындағы туристік нысандарға апаратын жолдардың жағдайы жақсарған. Өткен жылы су қоймасының оң жағалауындағы 2,6 шақырым жол орташа жөндеуден өтсе, биыл туристік нысандарға кіреберісті қамтамасыз ететін 11,9 шақырым жол жөндеген. Топардың коммуналдық жағажайына апаратын жол да кеңейтіліп, қиыр-

шық тас төселген. Көлік тұрағы ұйымдастырылып, жағажай аумағы тазартылып, кеңейтілген. Бұл жол жөндеудің тұрғындар қатынасынан бөлек, туризм мен демалыс инфрақұрылымына да әсер ететінін көрсетеді.

Ауылдардағы жол жөндеу жұмыстарының тағы бір мысалы Шабанбай би елді мекені. Ауыл әкімінің айтуынша, биыл Жа-

лантөс батыр және Шомакбаев көшелерінің жолдары жөнделеді. Жалпы ұзындығы — 1,5 шақырым. Бұл көшелерге асфальт толық төселеді.

— Ауылда барлығы 9 көше бар. Оның екеуі қазірдің өзінде асфальтталған. Биыл тағы екі көшеге асфальт төселеді. Қалған бес көше жөндеуді қажет етеді. Олар келесі жылдарға жоспарланып отыр, — деді Шабанбай би ауылының әкімі Дархан Жақыпбек.

Шабанбай бидегі жағдай ауылшілік жолдарды жөндеудің бір күнде аяқталмайтынын көрсетеді. Бірнеше көше жаңарғанымен, қалған жолдардың мәселесі кезек-кезеңімен шешіледі. Қай көшеге бірінші кезекте асфальт төселетіні оның жағдайы мен басымдығына қарай анықталады.

Жалпы, биыл облыстық маңызы бар 11 жол учаскесінде жалпы ұзындығы 78 шақырым жол орташа жөндеуден өтеді. Бұл жолдарға екі қабат асфальт-бетон төсеу жоспарланған. Мұндағы мақсат — жол төсемінің беріктігін арттырып, пайдалану мерзімін ұзарту.

Жол жұмыстарының сапасын Жол активтері сапасының ұлттық орталығы бақылайды. Орындалған жұмыстарды қабылдау үшін орталықтың оң қорытынды-

сы қажет. Жолға пайдаланылатын материалдар мен орындалған жұмыстарға техникалық және зертханалық бақылау жүргізіледі. Егер кемшілік анықталса, мердігер оны жоюға міндетті. Ауылға бірнеше шақырым жол жөндеді екен деп, ондағы жол мәселесі толық шешілді деуге әлі ерте. Жөндеу жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізіледі. Биыл Дубовка, Шабанбай би және Қайнар ауылдарында ауылшілік жолдар жөнделіп жатса, облыстық маңызы бар жолдардың ондаған шақырымы жаңартылуда. Мұның барлығы елді мекендер арасындағы байланысты жақсартуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға және тұрғындардың қатынасын жеңілдетуге бағытталған.

Жол жөндеудің шын нәтижесі — автобус бұрыныдан жеңіл жүргені, аудан орталығына жету уақыты қысқарғаны, шаруаның жол азабын тартпауы, бала мектепке бара жатқанда батпақ кешпеуі. Сондықтан, «асфальт төселді ме?» деген сұрақтан гөрі «асфальт төселгеннен кейін ауылдың өмірі өзгерді ме?» деген сұрақ маңыздырақ.

Суреттер облыс әкімдігінен

Қамсыз қарттық, қапысыз қамқорлық

Жас ұлғайғанда адамды жалғыздық пен көңілдегі қауқарсыздық сезімі бәрінен де қатты қажығатыны жасырын емес. Бүгінгі таңда қариялар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қамқорлық мерекелік сый-сияпатпен ғана шектелмей, күнделікті тұрақты қолдауға ұласып келеді. Президенттің әрбір азаматты сапалы әлеуметтік қызметпен қамтамасыз ету туралы тапсырмасы әлеуметтік мемлекеттің шынайы сипатын айшықтайды. Аймақта бұл міндет үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі арқылы жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Мамандар қарияларға тамақ пен дәрі-дәрмек тасып қана қоймай, олардың рухани сүйенішіне де айналған. Десе де, қаладағы қызмет қарқыны мен шалғай ауылдардағы әлеуметтік қызметкерлердің жүктемесін бірдей өлшеу мүмкін емес. Сондықтан, облыстағы бұл қызметтің нақты ауқымы мен мамандардың арқалаған жүгін таразылау аса маңызды. Осы орайда, ресми деректер мен ауыл-аймақтағы шынайы тұрмыс көрінісін қатар өріп, түйтікпді сауалдарға жауап іздеп көрейік...

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

3864 жаңға жеткен жәрдем

Облыстың барлық қаласы мен ауданында үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 14 бөлімше жұмыс істейді. Биылғы 1 тамыздағы мәлімет бойынша олардың қамқорлығында егде жасына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын 3 864 адам бар. Соның 2 779-ы – қалада, 1 085-і ауылдық елдімекендерде тұрады.

Көрсеткіш соңғы үш жылда сәл кеміген. 2024 жылы үйде әлеуметтік қызметті 3 925 қария алса, былтыр олардың саны 3 914 болған. Үш жылдағы айырма – 61 адам. Бірақ, бұл көмекке мұқтаж қарттар азайды деген сөз емес. Бірі туысының қолына көшсе, енді бірі денсаулығына байланысты стационарлық мекемеге ауысады. Азаматтың тұрмысындағы осындай өзгерістер есепке де есер етпей.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы әлеуметтік мекемелер қызметін үйлестіру бөлімінің басшысы Нұркен Әшімханов, қызмет таусы мүлде жоқ қариялармен ғана шектелмейтінін айтады.

– Қазір облыс бойынша 3 864 егде жастағы азамат үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алады. Оның 1 551-і – жалғыз тұратын қариялар. Ал, 2 313 адамның жақын туыстары болғанымен, олар түрлі себепке байланысты тұрақты күтім көрсете алмайды. Бірінің балалары басқа елдімекенде тұрады, енді бірінің денсаулығы жарамайды. Әр жағдай белгіленген тәртіппен қаралып, азаматтың нақты мұқтаж-дығы ескеріледі, – дейді Нұркен Әшімханов.

Қызмет алушылардың жасы да жүктің салмағын аңғартады. Үйде көмек көрсетілетін қарттардың 1 276-сы сексеннен, соның ішінде, 303-і тоқсаннан асқан. Көру мен есту нашарлап, қозғалыс баяулаған шақта дүкенге барудың өзі машақат. Дәрігерге жету, құжат рәсімдеу мен төлем жасау да өзгенің қолғабысын қажет етеді.

Үйдегі қызметті азықтүлік пен дәрі-дәрмек жеткізумен ғана шектеу – оның шынайы ауқымын тартып алып қарауға болмайды. Қолданыстағы стандарт сегіз бағытты қамтиды. Атап айтқанда, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, психологиялық, құқықтық, экономикалық, мәдени, педагогикалық және еңбекке бейімдеу. Әрбірінің аясы әр адамның денсаулығына, жасына және тұрмыс жағдайына қарай жеке жоспарланады.

Жеке жоспардың мәні де осында. Қарияның бүгінгі халі кешегі-

дей болмауы мүмкін. Отадан кейін бұрынғыдан көбірек көмек керек болады. Денсаулығы түзелсе, кей міндетті өзі атқаруға талпынады. Демек қызмет адамды әлеуметтік қызметкерге тәуелді етуге емес, қолынан келетін ісін өзі жасауына демеу болуға тиіс. Бір қарияға үйін жинап, азықтүлігін әкелу қажет болса, екіншісіне дәрігер шақыртып, дәрісін уақытылы қабылдауын қадағалау керек. Маман коммуналдық төлемге жәрдемдесіп, емханаға ертіп барады. Жеке үйдегі қарттың пешін жағып, көмірі мен суын кіргізу де осы күнделікті міндеттің бір бөлігі.

Қазыбек би аудандық үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметінің есебінде 1 114 адам тұр. Оның 800-і – егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсете алмайтын қарттар мен бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар азаматтар. Бұдан бөлек, мүгедектігі бар 200 бала мен 18 жастан асқан, психоневрологиялық ауруы бар 114 адам қызмет алады. Оларға 155 әлеуметтік қызметкер бекітілген. Қарттармен және ересек азаматтармен жұмыс істейтін бір маманға сегіз, балалармен жұмыс істейтінге алты қызмет алушыдан келеді.

– Әлеуметтік қызметкер дәрігердің орнына ем жасамайды. Бірақ қарияның медициналық көмекке қол жеткізуіне жол ашады. Үйге дәрігер шақыртады, бейінді маманның кеңесін алуға көмектеседі, емханаға ертіп барады. Қариямен әңгімелесу, сөзін тыңдау, көңілін көтеру де қызметтің маңызды бөлігі, – дейді бөлімше меңгерушісі Аманкүл Алинова.

«Қамқорлықтың есімі – Қарлығаш»

Осы қызметтің адам өміріндегі түпкілікті мәнін Бейбітгүл Оразалиеваның баян етуінен аңғара аламыз. Бірінші топтағы мүгедектігі бар қызын бағып отырған кейуанаға әлеуметтік қызметкер Қарлығаш көмектеседі. Ол анасы мен қызының екеуіне де бекітілген.

Бейбітгүл апа бар тұмырын қызының күтіміне арнады. Ана жүрегі перзентін қанша әлпештеп, тұрмыстың ауырталпығын сездірмеуге тырысқанымен, жасы ұлғайған сайын өз денсаулығы да сыр бере бастаған. Бұрын бір өзі тындыратын шаруаға енді өзгенің қолғабысы керек.

– Қызым бірінші топтағы мүгедек болған соң оны өзім күтіп-бағып үйде отырмын. Жасым биыл 75-ке келеді. Қанша дегенмен жас емеспіз, денсаулық та сыр береді. Сондықтан, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмекке іштей өте ризамын. Биыл шілдеде көзіме ота жасалған еді. Ауруханадан шығатын күні Қарлығаш өзі келіп,



Суреттер ЖІ

үйге дейін аман-есен жеткізіп, жолдай көзіме тамызатын дәрілерді де алып берді. Үлкен көмек қой! – дейді Бейбітгүл Оразалиева.

Қарлығаштың келетін күні мен атқаратын шаруасы алдын ала келісіледі. Бейбітгүл апа кешке қажетті азықтүлік пен дәрі-дәрмектің тізімін жібереді. Ертеңіне маман керек-жаракты үйге жеткізеді. Емханаға жазылу қажет болса, қабылдау уақытын белгілеп, қарияны өзі ертіп барады.

Бейбітгүл апаның қызы жеке оңалту бағдарламасына сәйкес қажетті техникалық және гигиеналық құралдармен қамтамасыз етілген. Жыл сайын шипажайлық емге анасымен бірге барады. Мұндай сапарда егде ананың өзі де сүйемелге мұқтаж.

– Жақында Қарқаралыдағы оңалту орталығында емделіп қайттық. Енді, Құдай қаласа, қыркүйектің аяғында Балқаштағы шипажайға барамыз. Билеттерімізді алып қойдым. Қызымның жағдайына қажетті көмектің бәрін алып отырмыз. Өзім зейнетақыман бөлек, атаулы әлеуметтік көмек те аламын, – дейді ол.

Қамқорлық төрт қабырғадағы күтіммен бітпейді. Бейбітгүл апаның қызы қазір зағип және нашар көретін жандардың мәдениет үйі жанындағы көркемсурет және колонер үйірмесіне қатысып, алдағы көрмеге бұйым дайындап жүр. Оны үйден алып кетіп, сабағынан соң қайта әкелетін инвалидсіз қоғамдық ортадан оқшауланбауына мүмкіндік берген.

Жеті үйдің жүгі

Облыста үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 712 маман еңбек етеді. Соның 222-сі ауылдық жерде. Бір қызметкерге орта есеппен жеті адамнан бекітілген. Маман әрқайсысының үйіне аптасына кемінде екі рет барып, бір бағранның екі сағаттан аз уақыт бөлмеуге тиіс. Қарапайым есеппен, жеті адамның үй ішіндегі қызметінің өзі аптасына кемінде 28 сағатқа созылады. Бұл уақыттың сыртында бір мекенжайдан екіншісіне жету, дүкен мен дәріханаға бару, коммуналдық төлем жасау, емхана кезегінде тұру және атқарылған қызметті құжатқа түсіру және бар.

Оның үстіне адамның жан дүниесіне түсетін салмақ бар. Қария кейде айта алмаған мұның маманға шағады, денсаулығына

немесе туысымен арақатынасына алаңдайды. Мұндай әңгіменің өзі жалғыздықты сейілтеді. Өйткені, кей қарияға дүкеннен азық әкелгеннен гөрі айтқанын асықпай тыңдайтын адам қымбат.

– Облыс бойынша әлеуметтік қызметкерлердің 31 орны бос. Қадр қажеттілігі әсіресе, Балқаш қаласында, Нұра және Осакаров ауданында сезіледі. Ең жоғары салмақ Балқаш қаласы мен Абай, Ақтоғай ауданына тиесілі. Орташа айлық еңбекақы – 195 мың теңге. Кейінгі үш жылда кадрлардың жаппай кетуі байқалған жоқ. Қызметтен босау жағдайлары бірлі-жарым, негізінен өз еркімен шығуға немесе зейнет жасына жетуге байланысты. Дегенмен, кей қалалар мен аудандарда маман қажеттілігі әлі де бар, – дейді бөлім басшысы Нұркен Әшімханов.

Қазыбек би аудандық бөлімшесі де жағдай біршама тұрақты. Аманкүл Алинова мұнда кадр тапшылығы жоққа жуық екенін, мамандардың өзіне бекітілген әр адамның жағдайын жақсы білетінін айтады. Алайда, штаттың толықтығы жұмыстың жеңілдігін білдірмейді. Қаладағы бір-біріне жақын сегіз үйді аралау мен бірнеше ауылға шақыраған жеті шаңыраққа жетудің арасы жер мен көктей.

Ауылдағы қарттың қажеті қаладағы қариядан өзге емес. Оған да дәрі-дәрмек, азықтүлік, медициналық көмек пен жылы сөз керек. Айырмашылық – сол көмектің үйге дейінгі жолында. Басқарма мамандары ұсынған мәліметте, шалғай елдімекендердегі қызмет алушыларға баратын мамандар негізінен рейстік автобусқа мініді делінген. Бір бағыттағы ең алыс қашықтық – 45 шақырым. Ал, ауылдағы әлеуметтік қызметкерлерге қызметтік көлік берілмеген.

Қағазда қаладағы маманға да, ауылдағысына да бірдей жеті-сегіз адам бекітілуі мүмкін. Бірақ, қаладағы маман бірнеше аялдаманың арасын жүрсе, ауылдағысы бір қарияға жету үшін рейс жолына тәуелді болып, сағаттап жол жүреді. Жол ақысын өтеуде де бірыңғай тәртіп жоқ. Қоғамдық көліппен қатынайтын мамандардың жол шығыны Қарағанды мен Теміртауда өтеледі. Облыстың өзге қалалары мен аудандарында мұндай өтемақы қарастырылмаған. Демек көлік желісі жақсы

дамыған ірі қалаларда жолақы өтеледі де, бірнеше ауылға қатынайтын қызметкер жол қаражатын өз қалтасынан шығарады. 195 мың теңге айлық алатын маман үшін бұл елеулі шығын екені айтпаса да түсінікті.

Рейс уақыты сәйкес келмей, жеке көлікке не таксиге жүгінуге тура келсе, шығын тіпті, ұлғаяды. Қыста боран соғып, жол жабылғанда немесе автобус қатынасы тоқтағанда кей ауылдағы қызмет кешігеді.

Қарияларды емханаға, ауруханаға және өзге де әлеуметтік маңызы бар мекемелерге жеткізу Қарағанды, Саран, Теміртау қалаларында, Бұқар жырау мен Осакаров аудандарында қарастырылған. Қалған аумақтарда қызмет алушының медициналық ұйымға жетуі жергілікті мүмкіндікке тәуелді. Ауылда бейінді дәрігер мен дәріхана жоқ болса, бұл түйткіл тіпті, өткірлене түседі.

Үйдегі күтімнен стационарға дейін

Қарт адамның өз шаңырағында, үйренген ортасында өмір сүргеніне не жетсін?! Үйде көрсетілетін қызметтің түпкі мақсаты да – қарияны бірден мекемеге орналастыру емес, мүмкіндігінше өз үйінде қауіпсіз әрі дербес өмір сүруіне жағдай жасау. Дегенмен, денсаулық күрт нашарлап, адам төсектен өздігінен тұра алмаса, аптасына бірнеше рет көрсетілетін көмек азық етуі мүмкін. Ондай адамға тәулік бойы біреудің жанында болуы қажет. Осындай жағдайда стационарлық әлеуметтік мекемеге орналастыру мәселесі шетін шығады.

Үйде арнаулы қызмет алып жүрген 36 қарт кейін стационарлық ұйымдарға жіберілген. Бұған олардың өзіне-өзі қызмет ету мүмкіндігін толық жоғалтуы себеп болған. Мұны «қарияны қарттар үйіне өткізіп жіберу» деп жаңсақ түсінбеген жөн. Өйткені, тәулік бойы күтім керек адамның жанында үнемі біреу болуы шарт.

Аймақтағы қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационарлық әлеуметтік ұйымдардың жалпы сыйымдылығы – 301 орын. Тамыз айында 22 орын бос болғанымен, кезекте екі адам тұрған. Өйткені, орналастыру кезінде бос кереуеттің санымен қатар қызмет алушының денсаулығы, қажетті күтімнің сипа-



ты, мекеменің бейіні және құжат рәсімдеу тәртібі де ескеріледі.

Жаңғырудың межесі – қызмет сапасы

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдарды лицензиялау – саладағы соңғы өзгерістердің бірі. Енді меншік нысанына қарамастан, мұндай мекемелер ғимаратының, материалдық-техникалық базасының, кадрлық құрамы мен қауіпсіздік талаптарына сай екенін растауға тиіс. Мақсат – мекеме санын көбейту емес, көмектің ортақ сапа өлшемін қалыптастыру.

Бұл, ең алдымен, өз құқығын толық қорғай алмайтын қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың қауіпсіздігі үшін керек. Қызмет алушы мемлекеттік бөлімшеге не жекеменшік ұйымға жүгінесе де, оның қадір-қасиеті, қауіпсіздігі мен құқы бірдей қорғалуы керек. Ортақ талаптың мәні осында жатыр.

– Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдарды лицензиялауды енгізді. Сонымен бірге, жан басына шаққандағы қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшу жүзеге асырылуда. Осы арқылы шығындарды оңтайландырып, көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту көзделді, – дейді Нұркен Әшімханов.

Облыста үйде көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметті қаржыландыру көлемі кейінгі үш жыл бойы ұлғайған. Бірақ, қаражаттың артуы нақты қызмет сапасына ұласқанда ғана нәтижелі. Оның өлшемі – штаттың толуы, маманның лайықты еңбекақысы, қария уақытылы жететін көлік және күнделікті қажеттіліктің толық өтелуі.

Жан басына шаққандағы қаржыландыруда қала мен ауылдың айырмасы ескерілмесе, қағаз жүзінде тең бөлінген қаражат іс жүзінде бірдей мүмкіндік бермейді. Өйткені, шалғайдағы қызметке жол ақысы, сапарға кететін уақыт, көлік тапшылығы мен ауа райының құбылысуы қосылады.

Лицензиялау да құжат түгендеу мен ғимаратты тексерумен аяқталмауға тиіс. Үйдегі қызметтің негізгі бөлігі мекеме қабырғасынан тыс жерде өтеді. Сапа маманның қарияға уақытылы жетуінен, керегін жеткізуінен, өтінішін тыңдап, қиындық туғанда тиісті мекеменен байланыс орната алуынан көрінеді.

Ілгеріде айтылған түйткілдер арнайы мамандардың ерен еңбегін ешқашан жоққа шығармақ емес. Керісінше, бұл жүйенің үш мыңнан астам адамның күнделікті тіршілігіне толық араласып, олардың өмір сапасын жақсартып отырғаны – оның қоғам үшін қаншалықты маңызды екенінің айқын дәлелі. Алдағы басты міндет – қала мен шалғай ауыл арасындағы мүмкіндік айырмашылығын шектеп, қалыптасқан әлеуметтік тіректі одан әрі нығайту.

• РЕСМИ

Зейнет қамы қазірден

Елімізде зейнетақы аннуитеттерінің түрлерін көбейту ұсынылды. Бастама Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Сақтандыру нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасының жобасына енгізілген.

Зейнетақы аннуитеті – азаматтың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаражатын өмірді сақтандыру компаниясына аударып, соның есебінен тұрақты төлем алып отыруына мүмкіндік беретін шарт. Мұнда адамның қанша жыл өмір сүретініне байланысты қаржылық төлекемді сақтандыру ұйымы өз мойнына алады. Қазір қазақстандықтарға аннуитеттің дереу төленетін, кейінге қалдырылған және ерлі-зайыптыларға немесе жақын туыстарға арналған

бірлескен түрлері қолжетімді. Бірлескен аннуитет ерлі-зайыптылардың не жақын туыстардың жинағын біріктіруге мүмкіндік береді. Ал, кейінге қалдырылған аннуитет шартын жеткілікті жинағы бар азаматтар 45 жастан бастап жасай алады. Қауіпті және зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтіндер үшін бұл мүмкіндік 40 жастан қарастырылған.

Қарағанды облысында 180 мыңнан астам зейнеткер тұрады. Бүгінде олардың бір бөлігі үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет алса, еңбекке қабілеті бар қариялар «Алтын жас» секілді бағдарламалар арқылы жұмысын жалғастырып жүр. Көмір шахталарында, металлургия мен өзге де ауыр өндіріс орындарында еңбек ететін азаматтардың міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары

аударылады. Жинағы жеткілікті болған жағдайда олар кейінге қалдырылған аннуитет шартын 40 жастан бастап рәсімдей алады. Яғни, мұндай қаржы құралы өндірісте ұзақ жыл тер төккен адамның зейнет жасын күтпей-ақ, болашақтағы тұрақты төлемін алдын ала қамдауына жол ашады.

Мұндай өнімдерге сұраныс артып келеді. Жыл басынан бері елімізде 164 294 зейнетақы аннуитеті шарты қолданылған. Оларға аударылған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі 1 трлн 168 млрд теңгеге жеткен. 2021 жылмен салыстырғанда шарттар саны екі жарым есе, аударылған қаражат көлемі үш жарым есеге жуық көбейген.

Өз тілішімізден

1. «ҚР ҚМ Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ға дейін жұмыс тәртібімен 8 (7212) 41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді». «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары: – Саран қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72137) 5-11-44; – Шахтинск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72156) 3-91-84; – Теміртау қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (7213) 98-10-18; – Қарқаралы аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72146) 3-17-38; – Бұқар жырау аудандық мемлекеттік қазына-	шылық басқармасының: 8 (72154) 2-12-87; – Нұра аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72144) 5-29-88; – Осакаров аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72149) 4-18-90; – Абай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72131) 4-47-37; – Ақтоғай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71037) 2-10-11; – Балқаш қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71036) 4-07-49; – Приозерск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71039) 5-20-45; – Шет аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71031) 2-18-06. 2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».
---	---

• ХОККЕЙ

Соңғы сында сүрінді

Қарағандылық «Сарыарқа» Қазақстан кубогының жартылай финалында «Ақтөбені» 3:2 есебімен жеңіп, ақтық кезенге жолдама алғанда жанкүйерлер қуанышында шек болмады. Хоккейсүйер қауым командадан финалда да жоғары нәтиже күтті. Өйткені, қарағандылықтардың қарқынын жақсы біледі. Алайда, ақтық бәсекеде жерлестер биыл да Өскеменнің «Torpedo» клубымен қайта қарсылас атанды. Өткен жылы финалда кеткен есені биыл қайтарар күн келген. Дегенмен, бұл жолы да өскемендіктер басым түсіп, қарағандылықтарды 8:2 есебімен жеңді. Осылайша, «Сарыарқа» екінші жыл қатарынан Қазақстан кубогының күміс жүлдегері атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жартылай финалда жерлестер «Ақтөбеге» қарсы ойнап, басымдық танытты. Кездесудің алғашқы кезеңінде қос команда да қақпадан саңылау таба алмады. Екінші кезеңде «Сарыарқа» ойын тізгінін толық қолға алып, қарсыласының қақпасына қатарынан үш шайба соқты. 31-ші минутта Эдгаре Сиксна «Ақтөбе» сапындағы ойыншының алаңнан қуылуын

ұтымды пайдаланып, есеп ашты. Арада үш минут өткенде Александр Борисевич есепті еселесе, екінші кезеңнің аяқталуына небәрі бес секунд қалғанда Данила Карабань үшінші шайбаны соғып, қарағандылықтардың басымдығын 3:0-ге жеткізді. Ал, үшінші кезеңде ақтөбеліктер таразы басын теңестіруге барын салып, екі шайба соқты. Алайда,

«Сарыарқа» ойыншылары қарсыласына есепті теңестіруге мүмкіндік бермеді. Осылайша, қарағандылықтар Қазақстан кубогының финалына жолдама алған еді.

Ақтық бәсекеде өскемендік «Torpedo» басымдық танытты. Дегенмен, есепті бірінші болып жерлестер ашты. Кездесудің небәрі 3-ші минутында Александр Борисевич әріптестерінің дәл пасын ұтымды пайдаланып, командасын есепте алға шығарды. Алайда, қарағандылықтардың қуанышы ұзаққа созылмады. Бірінші кезеңнің соңына дейін өскемендіктер екі шайба соғып, есепте алға шықты. Ал, екінші кезеңде «Torpedo» шабуылшысы Никита Колобов тағы бір шайба соғып, қарсылас команданың басымдығын арттыра түсті. Осылайша, есеп 1:3-ке жетті.

Үшінші кезеңде жерлестер барын салып, шабуылды үдете түскенімен қарсыластар еркін қимылдауға мүмкіндік бермеді. Кездесудің 43 және 44-ші минутында «Torpedo» сапындағы Диас Гусейнов дубль жасап, есеп айырмасын ұлғайтты. Араға біраз минут салып «Сарыарқа» сапынан Кирилл Пономарев қарсылас қақпасынан саңылау тауып, есеп айырмасын қысқартты. Осы шайбадан кейін таблодағы көрсеткіш – 2:5-ке өзгерді.

Ойынның соңына дейін «Torpedo» шабуылшылары тағы үш шайба соғып, кездесудің тағдырын шешіп тастады. Осылайша, жерлестеріміз биыл да басты қарсыласы – өскемендік «Torpedo» клубынан айласын асыра алмай, Қазақстан кубогының күміс жүлдегері атанды.

Айта кетейік, қыркүйекте Pro Hockey League жаңа маусымын бастайды. Өткен маусымда «Сарыарқа» лига бәсекесін III орынмен аяқтап, қола жүлдеге ие болған еді. Енді қарағандылықтар жаңа маусымда жүлде қорын толықтырып, чемпиондық атаққа талауды көздейді.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Қола жүлдемен оралды

Қарқаралы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушысы Нұрболат Ғабдолла қырғыз елінің астанасы Бішкекте үстел теннисі бәсекесінен өткен халықаралық жарыста қола жүлде олжалады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қырғызстанның астанасында 2013-2015 жылдары дүниеге келген жас спортшылар арасында үстел теннисінен Ю.Посевин атындағы халықаралық

сайыс ұйымдастыру дәстүрге айналған. Биыл бұл додада Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің жасөспірімдері бақ сынасты. Жылдамдықты,

ұшқыр ойды қажет ететін үстел теннисінен тәп-тәуір тәжірибе жинақтаған Нұрболат аталған сайысқа өткен жылы да қатысқан. Онда қарсыластарының бәрін жеңіп, чемпион атанған болатын.

Болашағы зор спортшы Нұрболат Ғабдолланың жаттықтырушысы Әлия Әмірханова шәкірті болашақта талай биікті бағындыратынына шек келтірмейді.

• ӨНЕР ӨРІСІ

Тамыздың кешін ән тербеп...

Сүмбіле туып, күздің алғашқы лебі сезіле бастаған тамыз – көңілді әлдебір сырлы сезімге бөлейтін ай. Салқын кеште жанға жылу сыйлаған әсем ән де адам жадында ұзақ сақталады. Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінде өткен Әділхан Төлегеновтің акустикалық кеші көпшілікке осындай әсер сыйлады.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Сазды бағдарлама саябақ сахнасының жанындағы Жастар алаңында ұйымдастырылды. Көрермен қарасы тым қалың болмағанымен, әнге елітіп, кеш месіне ықылас білдірген жастар аз емес. Ән қоржыны лирикалық туындыларға бай Әділхан алты ішекті гитарасын қолға алып, жиырмадан астам ән шықады.

– Ән – көңілдің емі. Мен де жастайымнан әнге құмартып өстім. Домбыра мен гитарада ән айтумен қатар, ұлттық спортымыздың дамуына да шама-шарқымша үлес қосқым келеді. Тоғызқұмалақтан мектеп оқушыларына сабақ беріп, олардың есеп-қисапқа жүйріктігін, ойлау қабілеті мен алғырлығын шындауға атсалысып

жүрмін. Ал, бүгінгі сырлы кешті өткізуге қолдау білдірген дос-жарандарыма ғиясыз алғысымды айтамын, – деді Әділхан Төлегенов.

Жастар алаңында тыңдарман талғамына сай түрлі ән әуеледі. Кеш барысында көрермендер де өздері сүйіп тыңдайтын шығармаларды орындауға қолқа салып, әнші олардың өтінішін жерде қалдырмады.

Әділханның өнердегі досы, жас әнші Ақжан Шыныбек те бірнеше ән орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әділханның айтуынша, бұл бір кешпен шектелетін бастама емес. Алдағы уақытта осындай акустикалық бағдарламаны өзге аудандарда ұйымдастырып, мүмкіндік туып жатса, Қарағанды қаласының саябақтарында да өткізу ойда бар.

• ФУТБОЛ

Ала доп додасы қыза түсті

Қарағандыда балалар мен жасөспірімдер футболын бұқаралық сипатта дамыту және сергек өмір салтын насихаттау мақсатында дәстүрлі XXIV спартакиада басталды. Доп домасына Қазыбек би және Әлихан Бөкейханов аудандағы балалар мен жасөспірімдер клубтарынан 18 команда қатысып, өзара мықтыны анықтауда.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде спартакиадаға әр ауданнан тоғыз команда қатысуда. Жарыс ережесіне сәйкес, әр ауданнан келген тоғыз команда алдымен екі топқа бөлініп, өзара айналмалы жүйе бойынша бақ сынаиды. Топтық кезең қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен үш команда финалдық кезеңге жолдама алады.

Шешуші кезеңде бір ауданнан іріктелген үздік үш команда екінші ауданнан келген үздік үш ұжыммен бір топта өнер көрсетеді. Мұнда да командалар айналмалы жүйе бойынша кездесіп, әр ойыннан кейін ұпай қоржындарын то-

• СПАРТАКИАДА

Алқынбаған ардагердің жарқылдаған жігері

Қарағандыда саламатты өмір салтын насихаттап, аға буын өкілдерінің қоғамдық ортадағы белсенділігін арттыру мақсатында ардагерлер арасында облыстық спартакиада өтті. Оған барлық қала мен ауданнан 50-ге жуық ардагер қатысып, қол күрес, асық ату, дәстүрлі садақ ату және тоғызқұмалақтан сынға түсті. Жарыстың ашылу салтанатына облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов қатысып, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Әрі спорттық шараның маңыздылығына тоқталды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, мұндай спартакиада өңірде алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Биылғы спорттық дода Ұлттық және ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің базасында өтті. Жарысқа қатысушылар спорттағы шеберлігі мен жігерін танытып, әрбір сайыста жеңіс үшін бар күшін салды. Ардагерлер кеңесінің төрағасы өз сөзінде бұл бастама алдағы уақытта да жалғасын тауып, дәстүрлі спорттық шараға айналатынын баса айтты.

– Ардагерлердің басын қосып, олардың өмірлік тәжірибесі мен өнегесін жас ұрпаққа үлгі ету мақсатында осындай спорттық шара ұйымдастырып отырмыз. Биыл бұл спартакиада алғаш рет өткізіліп отыр. Қатысушылардың да қарасы қалың болды. Негізгі мақсатымыз – ардагерлерді бір ортаға жинап, олардың белсенді өмір салтын қалыптастыруына, сергіп, көңіл көтеруіне мүмкіндік жасау. Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады. Спартакиаданы дәстүрлі түрде өткізу жоспарда бар, – деді Ғабит Тұяқов.

Бұқар жырау ауданының ардагерлер командасы спартакиадаға тыңғылықты дайындықпен келіпті. Соның нәтижесінде, жарыс барысында команда мүшелері жоғары ойын өрнегін көрсеткен. Атап айтсақ, дәстүрлі

садақ атудан – V орын, асық атудан – III орын еншілеген. Ал, қол күрес пен тоғызқұмалақтан – II орын иеленіп, жалпыкомандалық есепте I орыннан көрінді.

– Спартакиада өте жоғары деңгейде өтті. Командамыз жарысқа толық құрамда қатысып, жақсы нәтиже көрсетті. Жалпы, біздің ардагерлер спортқа бейжай қарамайды. Ауыл ардагерлері үнемі бас қосып, бильярд, шахмат, дойбы ойнайды. Сонымен қатар, аптасына бір мәрте ауданның спорт кешеніне барып, тоғызқұмалақтан шеберлігімізді шындап тұрамыз. Спартакиадаға тыңғылықты дайындалып келдік. Дегенмен, бәсекелестік жоғары болды. Қарсыластарымыз да осал емес. Әсіресе, асық атудан Шет ауданының ардагерлері ширақтық танытып, алдына жан салмады. Дәстүрлі садақ атудан да қарсыластарымыз нысана көздеуде жоғары шеберлік көрсетті. Ең бастысы, осы спартакиада ардагерлердің басын қосып, бір-бірімен тәжірибе алмасып, көңіл сергітуіне жақсы мүмкіндік болды. Бір жасап, мәз-мейрам болып қалдық. Мұндай шаралардың аға буын үшін маңызы зор, – деді Бұқар жырау ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Исабаев.

Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Бұқар жырау ауданының ардагерлер командасы үздік атанса, одан кейінгі сатыға Осакаров ауданының ардагерлері табан тіреді. Ал, үздік үштікті Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданының ардагерлері түйіндеді.

Сурет ұйымдастырушылардан



лықтырады. Финалдық кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған команда спартакиада чемпионы атанады. Ал, жарыс ережесіне сәйкес, әр ұжым құрамына 15-17 жас аралығындағы 15 спортшы және бір банкер болуы шарт.

– Спартакиада саламатты өмір салтын насихаттап, жасөспірімдердің спортпен, соның ішінде, футболмен тұрақты айналысуына жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған. Сонымен қатар, балалар мен

жасөспірімдер клубтары арасындағы үздіктерді анықтап, жас футболшылардың шеберлігін шындауға мүмкіндік беру. Жарысқа қатысып жатқан командалардың қатарында тәжірибелі әрі ойын өрнегі қалыптасқан ұжымдар, болашағынан үміт күттіретін жас футболшылар да бар, – деді жарыстың бас төрешісі Бағлан Қонақбаев.

Қазіргі таңда тартысты бәсеке жалғасуда. Чемпиондар 29 тамызда анықталады.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 284 №93 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
